

## 2025-2026 оқу жылының кітапханашының жылдық шығармашылық есебі

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар жоспары аясында, "Балалар кітапханасы" жобасы негізінде 10 желтоқсан күні мектеп кітапханасында Кітапханалық жәрмеңке ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, отаншылдық рухты қалыптастыру және Тәуелсіздік мейрамының маңызын насихаттау.

Жәрмеңке барысында оқушыларға патриоттық тақырыптағы кітаптар, тарихи шығармалар мен балалар әдебиеттері ұсынылды. Сонымен қатар, оқушылар өзара кітаптармен алмасып, пікірлерімен бөлісті. Шара аясында викториналар, әдеби сұрақтар мен шағын ұзындылерді оқып, оқушылар белсенділік танытты.

Кітапханалық жәрмеңке оқушылардың білім көкжиегін кеңейтіп, рухани дамуына әсер етті. Шара қызықты әрі мазмұнды өтті.

<https://www.facebook.com/share/v/18RW3xiEpU/>

Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығына орай "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп кітапханасында тақырыптық көрме ұйымдастырылды.

Көрменің мақсаты – қазақтың ұлы ғалымы, ағартушысы, саяхатшы әрі этнограф Шоқан Уәлихановтың өмірі мен ғылыми мұрасын насихаттау, оқушылардың тарихи танымын арттыру және кітап оқуға қызығушылығын дамыту.

Көрмеге Шоқан Уәлихановтың өмірбаяны, еңбектері, зерттеулері мен ол туралы жазылған әдебиеттер қойылды. Оқушылар көрме материалдарымен танысып, ғалымның ғылымға қосқан үлесі жайлы тың мәліметтер алды. Сонымен қатар, Шоқан Уәлихановқа арналған шығармалардан үзінділер оқылды.

Іс-шара оқушылардың ерекше қызығушылығын тудырып, ұлы тұлғаның өнегелі өмірі мен еңбектерін тануға үлкен мүмкіндік берді.

<https://www.facebook.com/share/p/1A9xVsyZ3P/>

Желтоқсан айының 8- күні "Оқуға құштар мектеп" жоба аясында Бауыржан Момышұлының 115 жылдығына орай 8–9 "Б" сыныптарда «Ерлік – халықтың мұрасы, ұрпаққа үлгі» атты сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатының мақсаты – ержүрек қолбасшы, көрнекті жазушы, Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының өмір жолы мен ерлігін оқушыларға таныстыра отырып, отансүйгіштікке, ерлікке, батырлыққа тәрбиелеу.

Іс-шара барысында оқушылар батырдың өмірбаяны мен Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктері туралы мағлұматтармен танысып, деректі видеолар тамашалады. Сонымен қатар, оқушылар өлеңдер оқып, Бауыржан Момышұлына арналған әдеби шығармалардан үзінділер келтірді.

Сынып сағаты тәрбиелік мәні зор, мазмұнды өтті. Оқушылар үлкен қызығушылықпен қатысып, өз ой-пікірлерін ортаға салды.

<https://www.facebook.com/share/p/1CyxgCT6Mb/>

Қараша айының 27 күні "Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенділік" халықаралық науқанының жоспары аясында "Балалар кітапханасында" "Отбасымызбен бірге кітап оқимыз" атты челлендж өткізілді.

Шараның мақсаты – отбасы мүшелерінің бірлесіп кітап оқу мәдениетін дамыту, балаларға мейірімділік, сыйластық және өзара түсіністік құндылықтарын насихаттау, сондай-ақ зорлық-зомбылықсыз қоғам құруға бағытталған отбасы рөлін арттыру.

Челленджге ата-аналар мен балалар белсенді қатысып, сүйікті кітаптарынан үзінді оқыды, отбасылық оқу дәстүрлері туралы бөлісті. Іс-шара жылы атмосферада өтіп, қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

<https://www.facebook.com/reel/1184564380301856/>

1–4 сынып оқушылар арасында «Ертегілер әлеміне саяхат» атты кітапханалық онлайн ойындар гаджет арқылы қызықты форматта өткізілді. Мақсаты: оқушылардың ертегілерге деген қызығушылығын арттыру, оқуға баулу және қиялдау, ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойын барысында оқушылар онлайн платформада гаджеттер арқылы түрлі тапсырмалар орындап, ертегі кейіпкерлерін табу, оқиғаларды сәйкестендіру, жұмбақтар шешу сияқты қызықты кезеңдерден өтті. Іс-шара балалардың белсенді қатысуымен жоғары деңгейде өтті. Олар өз білімдерін көрсетіп, ертегі мазмұнын жақсы меңгергендерін дәлелдеді.

Онлайн ойын балалардың ой-өрісін кеңейтіп, кітап оқуға деген ынтасын арттырды.

[\*\*#оқуғақуштармектеп\*\*](#)

<https://www.facebook.com/share/p/1AZH9PTj8s/>

«Қазақ поэзиясы – рухани қазына» атты кітапхана сабағы Мектеп кітапханасында «Қазақ поэзиясы» тақырыбында тәрбиелік мәні зор кітапхана сабағы өткізілді. Іс-шараға 5–9 сынып оқушылары белсене қатысты. Сабақтың мақсаты – оқушылардың поэзияға деген қызығушылығын арттыру, ұлттық әдеби мұраға құрмет сезімін қалыптастыру және қазақ ақындарының шығармалары арқылы тіл байлығын дамыту болды.

Іс-шараны мектеп кітапханашысы Боканова Асель Кудайбергенова ұйымдастырып, өткізді. Кітапхана сөрелерінде қазақ поэзиясының классиктері – Абай, Мағжан, Мұқағали, Фариза сынды ақындардың шығармаларынан көрме қойылып, оқушыларға таныстырылды.

Сабақ барысында оқушылар өздерінің сүйікті өлеңдерін мәнерлеп оқып, поэзия туралы ой-пікірлерімен бөлісті. Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Тастанбеков Аян Кабешевич сөз сөйлеп, қазақ поэзиясының ұлттық рухты көтерудегі маңыздылығын атап өтті.

Іс-шара жоғары деңгейде өтіп, оқушылардың әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттырды

[#адалазамат](#)

<https://www.facebook.com/share/p/1D8b3h9Tpu/>

24 қыркүйек күні мектеп кітапханасында мектеп-балабақша «Балдаурен» балалары, даярлық тобы және бастауыш сынып оқушылары қатысуымен "Кітап әлеміне саяхат" атты кітапханаға саяхат өткізілді.

Мақсаты: Кітапхана және кітап арқылы жас оқырмандардың ой-өрісін дамытуға тәрбиелеу, кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру, кітапханаға баулу.

Саяхат барысында кітапханашы А.К.Боканова балаларға кітапхана, кітап қоры туралы қысқаша мәлімет берді. Жас оқырмандарға кітапхана қорындағы бүлдіршіндерге арналған әр түрлі әдемі безендірілген «Сөйлейтін кітапша» топтамасы, «Дауысқа құлақ салайық» топтамаларын көрсетіп, «Жыл басына таласқан жануарлар» сияқты ертегілерден үзінділер оқылды. Сонымен қатар, бүлдіршіндерге кітаптарды ұқыпты қолдану, таза ұстау ережелері туралы түсіндірді.

[https://www.facebook.com/permalink.php?story\\_fbid=pfbid025Y1YypH77Uh8XJcW5qYBhCCJzjWimWqp3svQZYrJf9JCzCaxVSgsNY92sBmMzqfwl&id=100036476761763](https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid025Y1YypH77Uh8XJcW5qYBhCCJzjWimWqp3svQZYrJf9JCzCaxVSgsNY92sBmMzqfwl&id=100036476761763)

[https://www.facebook.com/permalink.php?story\\_fbid=pfbid025Y1YypH77Uh8XJcW5qYBhCCJzjWimWqp3svQZYrJf9JCzCaxVSgsNY92sBmMzqfwl&id=100036476761763](https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid025Y1YypH77Uh8XJcW5qYBhCCJzjWimWqp3svQZYrJf9JCzCaxVSgsNY92sBmMzqfwl&id=100036476761763)

Қазақстан халқы тілдерінің күнінін атап өтудің іс-шаралар жоспары аясында "Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы және ұлттық құндылықтар" атты кітапханалық көрме ұйымдастырылды.

Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына арналған кітапханалық көрме оқырмандарды ұлт ұстазының рухани мұрасымен тереңірек таныстыру мақсатында ұсынылды.

Көрмеде Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы, ағартушылық қызметі, тіл біліміндегі еңбектері мен әдеби шығармалары қамтылған.

Сонымен қатар, көрмеде Байтұрсынұлының еңбектері, ол туралы жазылған зерттеу мақалалар, естеліктер мен фотоматериалдар қойылды. Көрме жастардың тарихи тұлғаларға деген қызығушылығын оятып, ұлттық сананы қалыптастыруға бағытталған.

[#адалазамат](#)

[#тілдермерекесі](#)

<https://www.facebook.com/share/p/1ANByLMtPS/>

## адалазамат

### #отбасыкүні

Отбасы күніне орай кітапханада «Отан – отбасынан басталады» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты – оқырмандарға отбасының қоғамдағы маңызы мен рөлін түсіндіру, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, оқушылардың ата-анаға, үлкенге деген құрметін арттыру.

Көрмеде отбасылық тақырыптағы көркем әдебиеттер, мақалалар жинақтары, тәрбиеге байланысты танымдық кітаптар мен балаларға арналған әңгімелер ұсынылған.

Көрме оқырмандарға отбасындағы бірлік пен махаббаттың қадірін ұғындыруға бағытталған.

<https://www.facebook.com/share/p/1BHGpiu6S7/>

[https://www.facebook.com/permalink.php?story\\_fbid=pfbid0oeFThosfywBck6EEvj1C5PtS8BmPSMKY86aYfSQAaqXR4z4thUL5XXXjBw43GqZMl&id=100036476761763](https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid0oeFThosfywBck6EEvj1C5PtS8BmPSMKY86aYfSQAaqXR4z4thUL5XXXjBw43GqZMl&id=100036476761763)

Ұлттық кітап күніне орай Мағжан Жұмабаев шығармаларын насихаттауға арналған республикалық «Өлеңдерді оқу» акциясы біздің мектепте жоғары деңгейде өтті. Іс-шара барысында оқушылар ақынның әсерлі өлеңдерін мәнерлеп оқып, оның шығармашылығына деген қызығушылықтарын көрсетті.

Акцияның мақсаты – жас ұрпаққа ұлттық әдебиетті дәріптеу, көркем сөзге деген сүйіспеншілікті арттыру және Мағжан Жұмабаев поэзиясының терең мағынасын түсіндіру болды.

#ҰлттықКітапКүні

#балаларкітапханасы

<https://www.facebook.com/share/v/1TcGwVSn15/>

Ұлттық кітап күні аясында 5–6 «А» сынып оқушыларымен «Кітап әлемінде» атты квест-викторина ұйымдастырылды. Шараның басты мақсаты – оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру және білімдерін шыңдау.

Квест барысында оқушылар түрлі тапсырмалар орындап, пазл құрастырып, әдеби шығармалар мен кейіпкерлер туралы сұрақтарға жауап берді. Сонымен қатар логикалық ойлау, тапқырлық пен жылдамдықты талап ететін кезеңдерден өтті. Әрбір бекетте олар өз білімдерін көрсетіп, белсенділік танытты.

Оқушылар үшін бұл ойын ерекше әсер қалдырып, кітап әлеміне деген қызығушылықтарын одан әрі арттырды.

#ҰлттықКітапКүні

#адалазамат

<https://www.facebook.com/share/r/1E9esCsiRJ/>

Ұлттық кітап күніне арналған онкүндік жоспары аясында мектепте «Буккросинг» акциясы ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, кітап алмасу мәдениетін қалыптастыру және оқылған шығармаларды бір-бірімен бөлісуге мүмкіндік жасау.

Акция барысында оқушылар өздері оқып болған кітаптарын арнайы сөреге қойып, басқа да қызықты кітаптарды таңдап алып оқуға мүмкіндік алды. Әрбір қатысушы кітап туралы қысқаша пікір қалдырып, өз әсерлерімен бөлісті. Буккросинг оқушылар арасында үлкен қызығушылық тудырып, кітапқа деген сүйіспеншілікті арттыра түсті.

#адалазамат

#балаларкітапханасы

#ұлттықкітапкүні

<https://www.facebook.com/share/p/1Jp9H6a3Fn/>

Ұлттық кітап күніне орай жоспар аясында «Әдеби викторина» іс-шарасы оқушылар арасында Шарипова Р.С. және Боканова А.К. өткізді. Іс-шара барысында оқушылар белсенді қатысып, түрлі сұрақтарға жауап берді. Викторина «Өз ойыным» форматында ұйымдастырылып, белсенді тақта арқылы үш тақырып бойынша — ертегілер, жазушылар және шығармаларға қатысты қызықты әрі танымдық сұрақтар ұсынылды. Оқушылар өз білімдерін көрсетіп қана қоймай, шапшаңдық пен тапқырлық танытты. Іс-шара оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, әдеби білімдерін кеңейтуге ықпал етті.

<https://www.facebook.com/share/p/1De2QXtJTA/>

#адалазамат

#БалаларКітапханасы

#ҰлттықКітапКүні

<https://www.facebook.com/share/p/1GRP7KP3nV/>

#адалазамат

#БалаларКітапханасы

#ҰлттықКітапКүні

"Отбасымен кітап оқу – игі дәстүр" тақырыбында отбасылық оқу күніне орай фото көрме ұйымдастырылды. Көрмеде оқушылардың отбасымен бірге кітап оқып отырған сәттері бейнеленген фотосуреттер ұсынылды. Бұл шараның басты мақсаты – отбасылық құндылықтарды нығайту, кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және ата-ана мен бала арасындағы рухани байланысты күшейту. Іс-шара оқушыларға ерекше әсер қалдырып, кітап оқудың маңыздылығын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Ұлттық кітап күніне орай ұйымдастырылған жоспар аясында «Кітап және цифрлық әлем» күні өткізілді. Аталған іс-шараға 7 «А» сынып оқушылары белсенді қатысып, кітап оқу челленджіне атсалысты. Челлендж барысында оқушылар өз таңдаулары бойынша кітап оқып, алған әсерлерімен месенджер арқылы бөлісті, қызықты үзінділерді талқылады. Сонымен қатар, дәстүрлі кітап оқудың маңызы мен цифрлық форматтағы оқудың ерекшеліктері туралы пікір алмасты. Іс-шара оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, оқу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті.

<https://www.facebook.com/share/r/1cwz8HvAhj/>

Мектебімізде «Балалар әдебиеті – рухани тәрбие бастауы» жоспары аясында өткізілген апталықтың төртінші күні «Қазіргі балалар және рухани құндылықтар» тақырыбына арналды. Осы күннің ерекшелігі ретінде педагогтер арасында «Тамшының шытырман оқиғасы» атты экоертегі байқауы ұйымдастырылды.

Байқаудың негізгі мақсаты – балалар әдебиеті арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатқа деген жанашырлық пен рухани құндылықтарды насихаттау болды. Педагогтер өз шығармашылықтарын көрсетіп, табиғатты қорғау, судың маңыздылығы, қоршаған ортаға жауапкершілік туралы мазмұнды әрі тәрбиелік мәні жоғары ертегілер ұсынды.

Қатысушылардың жұмыстары мазмұндылығы, көркемдігі, тәрбиелік маңызы және шығармашылық жаңашылдығы бойынша бағаланды. Байқау барысында ұстаздар өзара тәжірибе алмасып, тың идеялармен бөлісті

#адалазамат

#БалаларКітапханасы

#ҰлттықКітапКүні

#ҒылымКүні

Ұлттық кітап күні қарсаңында ұйымдастырылған онкүндік жоспары аясында мектеп кітапханасында «Балалар кітаптарының сиқырлы әлемі» атты танымдық саяхат өткізілді. Іс-шараға даярлық тобы мен бастауыш сынып оқушылары белсене қатысты.

Саяхат барысында оқушылар кітапханамен танысып, кітаптардың орналасу тәртібі, оларды дұрыс пайдалану ережелері туралы мағлұмат алды. Сонымен қатар балаларға арналған ертегілер мен қызықты кітаптар таныстырылып, кейіпкерлер әлеміне шағын шолу жасалды. Оқушылар түрлі сұрақ-жауап ойындарына қатысып, өздерінің сүйікті кейіпкерлерін атап, белсенділік көрсетті.

Іс-шараның мақсаты – жас оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру және кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру болды. Саяхат әсерлі де мазмұнды өтіп, оқушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлад

[https://www.facebook.com/permalink.php?story\\_fbid=pfbid036niXVKEN8AAMQjnEBCLDpZZW2ANdmVjDZLmatv7XcgrvYDZzGniq64oduwMZE83Ul&id=100036476761763](https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid036niXVKEN8AAMQjnEBCLDpZZW2ANdmVjDZLmatv7XcgrvYDZzGniq64oduwMZE83Ul&id=100036476761763)

Мектеп кітапханасында «Таза Қазақстан» акциясы аясында тақырыптық көрме ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты – оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатты қорғауға деген жауапкершілігін арттыру және қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу.

Көрмеге экология, табиғатты қорғау, қоршаған ортаның ластануы және оны сақтау жолдары туралы кітаптар, энциклопедиялар мен танымдық материалдар қойылды. Оқушылар көрмемен танысып, пайдалы ақпарат алу үшін ұйымдастырылған.

Осындай шаралар жас ұрпақтың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, «Таза Қазақстан» идеясының маңыздылығын түсінуге ықпал етеді.

#оқуғақұштармектеп

#тазақазақстан

<https://www.facebook.com/share/p/1UiWxWRJe4/>